

<i>Кіші топ</i>	ЦИКЛОГРАММА				
<i>Апта нөмірі</i>	№25				
<i>Күндері</i>	21.02 - 25.02.2022				
<i>Өтпелі тақырыптың атауы</i>	Көктем жаршысы - құстар / Птицы - вестники весны / Birds of spring				
<i>Мекеменің атауы, тобы</i>	Бөбек лүпілі жеке меншік балабақшасы				
<i>Педагогтің аты-жөні</i>	Байсакалова Ш.Ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру. Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері", "Сөздік қор" дегеніміз не?", "2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?"				
Ата-аналармен әңгімелесу.					
Еңбекке баулу (даму орталықтарында, табиғат бұрышында бақылау, тапсырмалар немесе кезекшілік)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің жапырақтарын күтуге, үлкен жапырақтардың бетінен шанды сүлгімен сұртуге қызықтыру, үлгі көрсету, мақтау, қолдау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалын тауып, сүртіп, орнына іле білуге дағдыландыру; қолының тазағылын байқауға ынталандыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Аквариум балықтарына жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус жапырақтардың жалпақ, үлкен, жапырақ беттерінің тегіс, қалың немесе жұқа болуын бақылау.
Ойындар (үстел үсті, саусақ, дамытушы ойындары)	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Әже". Мақсаты. Балаларды, әженің суретіне қарап, тақпақты мұқият тыңдап, педагогтің соңынан ілесіп, таныс сөздерді қайталауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: әженің суреті. Педагог әженің суретін балаларға көрсетіп, оған тақпақты айтып беруге ұсынады. "Әже". Әжем менің әлі де, Ұқсамайды көріге. Шай қайнатып береді, Біздің үйдің бәріне. Н. Исахметов	Саусақ жаттығуы. "Тамшылар". Мақсаты. Балаларды тақпақ сөздерін айта отырып, саусақтармен қимылдарды ойдағыдай жасауға ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау, қуанышқа бөлену қабілеттерін дамыту; қардың ерігені туралы ұғымдарын қалыптастыру. Педагог балаларға қардың ерігенін байқатады, үлгіні көрсеткеннен кейін, балаларға қайталады. Көк аспанға күн шықты, (алақандарды айқастыра қосу, саусақтарды созу, алақандарды ары-бері бұрау) Таратып мың шуақты. Аппақ қарды ерітіп, (саусақтарды ашып-жұму, толқындар жасау) Ағызып мың бұлақты. Тамшыланып ағады, (саусақтармен үстел бетіне, тізеге кезек соққылау) "Там-там-там" – деп соғады, Шатырдан жерге түсіп, Шалшық бетін қағады. Д. Ахметова	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимылды жаттығуы. "Әжеме". Мақсаты. Балаларды, әженің суретіне қарап, тақпақты мұқият тыңдап, педагогтің соңынан ілесіп, таныс сөздерді қайталауға ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: әженің суреті. Педагог әженің суретін балаларға көрсетіп, оған тақпақты айтып беруге ұсынады. "Әжеме". Мен әжемді сүйемін, Киімді өзім киемін, Ақылына көнемін, Өлең айтып беремін. Мені жақсы көреді, Жүреді ылғи мақтап-ақ., Әжем жазған өлеңді, Айтып берем жаттап ап. Бүбішхан Тікебаева.	"Жіптерді ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру. Құралдар: түрлі-түсті жіптер орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болу керек. Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру. Көктем мерекесі – Аналар мерекесі. Әже, әпке, қыздарға Не дайын сыйлыққа?	Саусақ жаттығуы. "Торғай, торғай". Мақсаты. Балаларды саусақ жаттығуындағы торғайдың шығаратын дыбысына, педагогтің соңына ілесіп, еліктеуге ынталандыру; қолдың ұсақ моторикасын, ырғақты қабылдау, қуанышты әсер ала білу қабілетін дамыту. – Торғай, торғай (саусақтарды бүгу, ашу), Шиық-шиық (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау)! Толған дорба, Лық-лық (алақандарды жұмып-ашу). Дорбаны ашамыз (ашылған алақандарды екі жаққа жаю), Тәтті жем шашамыз (алақандарды бос ұстап, жерге қарай бұлғау). Торғай, торғай, Ұшып келші (алақандарды ашып-жұму). Торғай, торғай, Шоқып терші (бір алақанды ашып, оның үстіне екінші қолдың саусақ ұшымен соққылау). Д. Ахметова
Таңғы жаттығу (5мин)	Көшенді жаттығулар				

Таңғы ас (көркем сөздер, қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балалардың тәбетін ашу, өздігінен тамақтануға ынталандыру. Дастарханның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай. Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай ...				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық	ҰОҚ дайындау мақсатында жүргізілетін ойындар мен ойын жаттығулары				
	Балаларға жағымды эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға болады. Неткен сұлу көктем шақ! Көгалда өскен бақбақ. Сары түс мұнда көп екен, Күннің көзі – нұр көктем.				
Балабақша кестесі бойынша ҰОҚ	Сурет салу. "Әжеге алқа". Мақсаты. Балаларды қағаз бетіндегі көлденең доғалы сызықтың ұзындығын бақылап, қарындашты үш саусақпен ұстап, сызықтың сол жақ ұшынан бастап, солға қарай сызыққа тигізіп, асықпай көлемдері бірдей дөңгелектерді салуға үйрету; бір "моншақтан" кейін келесіні, кескіндері бірі-біріне тиетіндей, тығыз салып шығу тәсілдеріне жаттықтыру; сызықты көбірек "моншаққа" толтыруға дағдыландыру; әшекейлердің қыздар тағатын әдемі бұйым екені туралы түсінік беру. <i>"Айна" қимыл жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Көңілді құстар". Мақсаты. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүруге жаттықтыру; жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай отырып, гимнастикалық орындықтан секіре білуге үйрету; өз дене мүшелерін игере білу қабілетін қалыптастыру. Балалардың гимнастикалық орындықтың үстімен жүру қабілетін дамыту; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру кезінде дене тепе-теңдігін сақтай білу дағдыларын меңгерту; гимнастикалық орындықтан секіруге үйретуде дене, аяқ бұлшық еттерін жетілдіру; секіру кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтай білуге үйрету. <i>"Пойыз" қимыл ойыны.</i>	Сөйлеуді дамыту. "Аю, түр! Ояншы!" Мақсаты. Балаларға аюдың көктемгі тіршілігі туралы түсінік беру; балаларды тақпақ жаттату барысында байланыстыра сөйлеуге үйрету; жаңа сөз атауларын айтуға дағдыландыру; көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдарын қалыптастыру. Балалардың тақпақ жаттату арқылы есте сақтауы мен тілін, зейіні мен зеректігін дамыту. <i>"Аю қайда?" сөздік жаттығуы.</i> Музыка. "Көңілді торғай". Мақсаты. Балаларды әуенді сезіну және музыканың әртүрлі темпі мен ырғағын ажырата білу қабілеттеріне үйрету; балаларда таныс аспаптар дыбыстарын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; қарапайым ырғақты қимылдарды есте сақтай отырып, орындай білуге үйрету; хорда айнала жүріп, өлең айта білуге үйрету; ойындарды ережесін сақтап ойнауға үйрету; қол және саусақ қимылдарын педагогтың көрсетуі бойынша қайталауға үйрету; тыныс алу жаттығуларын дұрыс орындай білуге үйрету; оркестрлық ұжымға деген қызығушылық тудыру; көктем және құстар туралы түсінік беру. <i>"Мысық пен торғайлар" ойыны.</i>	Сенсорика. "Қуыршақ Дананың киімі". Мақсаты. Балаларды заттардың сенсорикалық сипаттарын, түсі мен көлемін, пішінін салыстыра және ажырата алу қабілеттеріне үйрету; заттардың сенсорикалық қасиеті мен сапасы туралы білімдерін әртүрлі іс-әрекеттерде қолдануға дағдыландыру; қоршаған заттардың сенсорлық сипаты туралы түсінік беру. <i>"Көйлек қалташалары" іс-тәжірибе жаттығуы.</i> Дене шынықтыру. "Аулаға құстар ұшып келді". Мақсаты. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру қабілеттерін дамыту; төрт тағандап жүру кезінде жемістерді жинауға ынталандыру; кірпі секілді дыбыстар шығару арқылы тыныс алу жаттығуларын орындау; балалардың көктем мезгілі туралы білімдерін толықтыру. <i>"Кірпіні тамақтандыр" қимыл ойыны.</i>	Жаратылыстану. "Көктем шақырады". Мақсаты. Балаларға көктем мезгілі туралы негізгі ұғымдар беру; көктем мезгіліне тән табиғат құбылыстарын байқап, олардың адам өміріне тигізер ықпалы туралы түсініктерін қалыптастыру. <i>"Би билеп берейік" рефлексиясы.</i> Дене шынықтыру. "Құстар әлемінде". Мақсаты. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен жүру іскерліктерін қайталау; гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру; көктем мезгілі, құстар туралы білімдерін кеңейту; оқу қызметін қайталау. <i>"Пойыз" қимыл ойыны.</i>	Мүсіндеу. "Құстарға жем шашайық". Мақсаты. Балалардың тұтас кесектен ұсақ бөліктерді үзу, жұлу дағдыларын қалыптастыру; ұсақ бөліктерді екі алақан арасында айналдыру тәсілін жетілдіру; жасалған мүсіндерді "құстарға жем" деп айтуға үйрету; құстарға еліктеп, дыбыстарын сөзбен айтуды жаттықтыру; құстарға деген қамқорлық сезіміне тәрбиелеу. <i>«Торғай» саусақ жаттығуы.</i>

Серуен	Күнді бақылау. Мақсаты. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастастыру. Педагог балаларға күннің жерге жарықты шашқаны, жылуды бергені туралы айтып болғаннан кейін, балалармен бірге тақлақ айтып, қимылдарды қосылып жасауға шақырады. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін бірге әрекет етуге баулу. "Құстар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларға жан-жақтағы бағытқа бір-бірін итермей жүгіруге үйрету, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар ("құстар") үшін белгілі орындарды "ұя" деп белгілейді. "Құстар, ұшыңдар!" сөздерінен кейін балаларға еркін жүгіріп, қолдарымен бұлғап, құстардың ұшқанына еліктеу қимылдарын көрсетеді, жағымды сөздерді айтып, балаларды қолдайды, біраздан соң балаларға алаңға шоқайып отыруды ұсынады: - Құстар, құстар, келіңдер, Жемді шоқып теріңдер. Жемді шоқып тойсаңдар, Әнді салып беріңдер. Д. Ахметова Педагог балалар отырып, демалып болғаннан кейін, қайта "ұшып" қимылдауды ұсынады. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.	Мұздарды бақылау. Мақсаты. Балаларға шатырлардан салбырап, ілініп жатқан мұздарды алыстан көрсетіп, олардың күн шуағында жылтыр, мөлдір болғанына назар аудару, мұздардың еріп жатқан қардан пайда болғанын, мұздарды ауызға алмау керектігі туралы түсіндіріп, қауіпсіздік ережелеріне баулу. "Тамшылар". Көк аспанға күн шықты, Таратып мың шуақты. Аппақ қарды ерітіп, Ағызып мың бұлақты. Құстардың жоқ ұйқысы, Естілмейді дауысы, Басып алды ауланы Тамшылардың дыбысы. Тамшыланып ағады, "Там-там-там" – деп соғады, Шатырдан жерге түсіп, Шалшық бетін қағады. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Жолақша" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, айтылған бағытта жүру қабілеттерін жетілдіру; айтылған сөздерді қайталап, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. - Қанекей, менің соңымнан жүрейік, аяқ басайық, жол салайық. - Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. "Доптар сияқты секірейік" қимылды жаттығуы. Мақсаты: балаларды бір орында екі аяқпен сигнал бойынша секіре білу қабілеттерін дамыту; шымырлыққа, шапшаңдыққа, достыққа тәрбиелеу.	Ауладағы құстарды бақылау. Мақсаты. Балаларды аулада, учаскедегі ағаштарға ұшып-қонған құстарды байқауға, олардың қимылдарын анықтауға үйрету. - Балалар-ау, балалар! Шақырады кең дала. Көктем келді гүл алып, Құстар келді жыр алып. Қос білекті сыбанып, Жүгірейік қуанып. Ө.Тұрманжанов Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатханадағы орындықтарды тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу. "Ұядағы торғайлар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды жан-жаққа бағытқа, бір-бірін итермей және "Торғайлар, ұяға!" сигналы бойынша белгілі жерге жүгіруге баулу, жылдамдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсаты: балаларда нысанаға (допты) дәлдеп ата білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту.	Аспанды бақылау. Мақсаты. Балаларды аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқауға, түсін атауға ынталандыру; зейінін, түйсігін дамыту. - Тап-таза көгілдір алаң, Бұл - жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Алдымызда ұзынша" қимылды жаттығуы. Мақсаты. Балалардың белгілі бағытпен бір-бірінен соң бір сапта жүру әдебін дамыту. - Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова "Өткеншек" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларды шеңберге тұрып, тақлақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, өткеншек, Айнала бер бізбенен.	Ауладағы құстарды бақылау (шығаратын дыбыстары). Мақсаты. Балаларды құстардың шикылдаған дыбыстарын тыңдауға ынталандыру; құстардың дыбыстарына еліктеуге үйрету. - Балалар, тыныш тұрайықшы. Естіп тұрсыңдар ма? Бұл нелердің дыбыстары шығады? Біреу "шиық-шиық" деген дыбыстарды шығарады. - Иә, бұл құстар шикылдайды. - Құстар ұқсап дыбыстайықшы. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі орындықтарды қылшақтар арқылы тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге, тазалыққа баулу; жағымды эмоцияларды дамыту. "Қаздар" қимылды ойыны. Мақсаты. Балаларды көркем сөз мәтінін мұқият тыңдап, белгілі сигнал сөзін естіген кезде, бір бағытта, бір-біріне соғылмай, жүгіруге үйрету; жүгіруде қолдарын жан-жаққа бұлғап, қаздың қимылын қайталауға ынталандыру; айтылған сөздер мен жаттығудан жағымды әсер алуға баулу. Педагог балаларға ойын шартын түсіндіреді: "Балалар, сендер қаз құстары боласыңдар. Мені мұқият тыңдаңдар. Сөздерді менің соңымнан қайталауға болады. Мен "бидай шаш" сөздерін айтқанда, маған қарай қолдарыңды былай жайып, бұлғап, барлығың жүгіресіңдер. Педагог қаздардың қимылдарын балаларға біраз қайталаатады. Балалар бір жаққа ауысып кеткенде, педагог алшақ қарама-қарсы жерге барып, ойынды тағы бір рет жүргізеді. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеру керек. - Қазым, қазым, қалқылда, Көлде жүзіп салқында. Жем шашайын - жейсің бе, Кәмпит берші дейсің бе? - Жоқ жоқ, Кәмпит, тәтті болмайды ас, Арпа менен бидай шаш. С. Бегалин "Аяқ ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. Мақсаты: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу
--------	--	---	--	---	---

Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірте-бірте тұрғызу, шынығу процедуралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. "Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары.				
Бесін ас (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Ойындар, жеке-дара іс-әрекет (сюжетті-рөлді, аз қимылды, дидактикалық, үстел үсті, театр ойындары)	"Сүлгілерді жіпке жаяйық" дамытушы ойыны (қысқыштармен жаттығу). Мақсаты. Балаларды қысқыштар арқылы сүлгілерді жіпке жаюға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін дамыту; әлеуметтік қатынастарды қалыптастыру; еңбекқорлыққа баулу. Құралдар: киім ілетін жіп, қысқыштар, сүлгілер.	"Дастарханды жаямыз" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балаларды ыдыстар мен құралдарды бірыңғай түстер арқылы топтастыруға дағдыландыру; ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратынын түсіндіру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: қатпа қағаздардан қиылған бокал (кесе), қасық, табақшалардың түрлі-түсті кескіндерінің жинақнамалары. Шарты: әрбір бала өзіне ұнайтын бірыңғай түске боялған кескіндерді бір топқа жинайды, әр ыдыстың және құралдың кескінін үстел бетіне дұрыс орналастырады: алдына табақшаны, табақшадан жоғары бокал, қасықты табақшаның оң (сол) жағына қояды. Ойынның нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыс-құралдар жинағы болады. Педагог мысық ойыншығын көрсетіп, балаларға мысыққа көмектесулерін сұрайды. - Сарғыш Марғау қонақжай, үйі оның тап-таза, Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда қасықтар. Тап-таза ағаш еден, жайылған теп-тегіс кілем. Гүлдер терезе алдында, өсіп тұр жайқала,. Әркімге тәтті тамақ: жаңғақ, қуырдақ, жапырақ. Кел, қонағым, үйіме: тиын, күшіктер, көжек.	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Қуыршақ Данамыз". Мақсаты. Балаларды Дана қуыршағына қарап, тақпақты мәнерлеп айтуға, тақпақ сөздерін қимылдармен сүйемелдеуге ынталандыру; тілін, есте сақтау қабілетін, жағымды эмоцияларды дамыту. Құралдар: қуыршақ. Педагог қуыршақтың суретін немесе ойыншықты балаларға көрсетіп, оның шашының жиналмағанына көңіл аударады. - Балалар, қараңдаршы, Дана балабақшаға шашын тарамай, жинамай келді. Олай бола ма екен? - Ай-ай,-ай! Данаға ақыл айтайықшы. - Қуыршақ Данамыз ерке, Оянып алыпты ерте. Ұйқысы оның қанбапты, Шаштары таралмапты. – Дана, сен босқа тұрма, Шашыңды жинап, тара! Тарап, тарап, буып ал, Бантиктерді тағып ал. Д. Ахметова	Ритмикалық ойын. "Би билеген баламыз". Мақсаты. Балаларды әуеннің ырғағына сай қимылдап, тақпақ сөздерін айтуға ынталандыру; түйсікті, эмоциялық сфераны дамыту. - Жаттығу жасап көреміз, (адымдау) Қолды көкке көтеріміз, (қолдар жоғары) Түсіріп белге төмен, (қол белде) Еңкейеміз, еңкейеміз. (оң-сол жаққа еңкею) Өкше қойып, басамыз, (оң жақ өкше, адымдау) Өкше қойып, басамыз. (сол жақ өкше, адымдау) Міне, қандай әдемі, (қол белде, бас шайқау) Би билеген баламыз. (шапалақтау)	"Қандай аңға не бересің?" дамытушы ойыны. Мақсаты. Балалардың аңдар ойыншықтарын атауға, олардың әрқайсысына қандай затты (коректі) беретінін айтуға ынталандыру, дағдыландыру; әлеуметтік қатынастар негіздерін салу, тілін, эмоциялық құбылыстарды дамыту. Құралдар: аңдар ойыншықтары (резинадан, пластиктен жасалған), жеміс пен көкөністердің, өзге ұсақ заттардың нақпіншіндері. - Балалар, бізге қандай аңдар келді? - Қандай аңға не бересіңдер? Балалар қоянға - сөбіз, түлкіге - көмпит, қасқырға - бауырсақ, - тиінге - саңырауқұлақ беретіні туралы айтып жатады. - Қандай аңға не береміз? Дәмді коректі тереміз: Қоянға - сөбізді, Түлкіге көмпитті, Қасқырға болсын бауырсақ, Тиінге - саңырауқұлақ.
Серуенге дайындық (қалыптастырылатын іскерліктері мен дағдылары)	Балаларды өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға, өз киімдерін тануға, сөреден алып беруге, атауға, қолдарын созып, аяқтарын көтеріп, киіну рәсіміне қатысуға, киімін шешуге үйрету.				
Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.				

Баланың "Жеке даму картасына" сәйкес жеке жұмыстар жүргізу	"Құлыншақтай дарамыз". Құлыншақтай дарамыз, Өрге шауып барамыз, Оң аяқ пен сол аяқты Көтерейік, құлыншақтай. Д. Ахметова	Кір қысқыштармен жаттығулар. "Күн".	Саусақ жаттығуы. "Тамшылар". Көк аспанға күн шықты, Таратып мың шуақты. Аппақ қарды ерітіп, Ағызып мың бұлақты. Құстардың жоқ ұйқысы, Естілмейді дауысы, Басып алды ауланы Тамшылардың дыбысы. Тамшыланып ағады, "Там-там-там" – деп соғады, Шатырдан жерге түсіп, Шалшық бетін қағады. Д. Ахметова	Саусақ жаттығуы. "Балапан". - Сап-сары ойыншық, Дыбыстайды: "Шиық-шиық". Балапан, жүні үлпілдек, Тынымсыз, тентек.	"Құстарға жем". Мақсаты. Ермексазdan шамасы бірдей ұсақ кесектерді үзу, жемдерді илеу амалдарын игерту.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың сөйлеу ерекшеліктері", "Сөздік қор" дегеніміз не?", "2-3 жасар баламен қалай сөйлесу керек?"				

Тексерген: Бекишевк. М.А. 